

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**География және табиғатты пайдалану факультеті  
Картография және геоинформатика кафедрасы**

**БЕКІТІЛДІ**

География және табиғатты пайдалану  
факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама № 3/«31» қазан 2025 ж.

Факультет деканы Ақтымбаева А.С.



**«6B05206-Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» білім беру бағдарламасы  
«104223-ЛАНШАФТТАНУ ТОПЫРАҚТАНУ НЕГІЗДЕРІМЕН» ПӘНІНІҢ  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**2025-2026 оқу жылы, күзгі семестр**

**2 курс**

**5 кредит**

**Алматы, 2025 жыл**

«6B05206-Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» білім беру бағдарламасы бойынша 104223-«Ландшафттану топырақтану негіздерімен» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Картография және геоинформатика» кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к. Сағымбай Ө.Ж. әзірледі

«Картография және геоинформатика» кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды

Хаттама №4, «7» қазан 2025 жыл

Картография және геоинформатика  
кафедрасының меңгерушісі



Асылбекова А.А.

География және табиғатты пайдалану факультетінің  
оқыту және білім беру сапасы бойынша төрайымы



Сағымбай Ө.Ж.

Хаттама №2, «08» қазан 2025 жыл.

## 104223 - «ЛАНШАФТТАНУ ТОПЫРАҚТАНУ НЕГІЗДЕРІМЕН» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пәннің мақсаты** - табиғи комплексте климаттың, топырақтық- гидрологиялық және биологиялық факторлардың өзара байланыстарын анықтау үшін олардың рөлін анықтай алатын қабілетін қалыптастыру.

15 апта бойы оқу нәтижелері бойынша қорытынды ауызша емтихан тапсырылады. Қорытынды емтиханды тапсыру кезінде қойылған сұрақтарға толық жауап беру қажет. Бағдарлама емтиханға дайындалуға арналған барлық курс тақырыптарын және ұсынылатын әдебиеттерді және оқу ережелерін қамтиды. Студенттің қорытынды емтиханындағы жауабы балдық жүйе бойынша бағаланады. ҚазҰУ-дың академиялық саясатына негізделген (2022 ж).

**Емтихан формасы:** Пән бойынша қорытынды емтиханындағы «6В05206- Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерге арналған «104223-Ланшафттану топырақтану негіздерімен» пәні белгіленген аудиторияда кестеге сәйкес **офлайн форматында АУЫЗША түрде жүзеге асырылады.**

Қорытынды емтихан сұрақтарын деканат қызметкерлері кездейсоқ таңдау арқылы ұсынады.

1. Типтік ауызша емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
2. Ауызша емтихан өткізілетін аудиторияға студент жеке басын куәландыратын құжатпен ғана кіруге рұқсат етіледі. Емтихан рәсіміне қатыспаған адамдардың қатысуына тыйым салынады.
3. Емтихан тексеруші жеке басын куәландыратын құжатты емтиханға қабылдау парағымен тексереді. Пән бойынша 50%-дан төмен рейтинг балл жинаған ауызша емтихан тапсыруға жіберілмейді.
4. Аудиторияға кіруді оқытушы жүзеге асырады.
5. Оқытушы әрбір студентке жауап парағын береді (қажет болған жағдайда қосымша жауап парағын ала алады) және студент қабылданатын пәнге билет таңдау мүмкіндігін береді.
6. Емтиханға қатысатын студент рұқсат қағазына қол қоюы керек.
7. Ауызша емтиханға бөлінген уақыт студенттер соңғы емтихан материалын алған кезден басталады. Емтиханға дайындық ұзақтығы 15-20 минут.
8. Емтихан кезінде жетекші оқытушы мәлімдеген анықтамалық материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі (анықтамалық материалдар билеттері бар конвертке салынуы немесе тапсырма мәтінінде жазылуы тиіс).
9. Студент емтиханды тапсыру кезінде белгіленген талаптарды орындамаса: көшірме парақтарын, ұялы және басқа да құрылғыларды пайдаланса, тәртіптік бұзушылықтар орын алса, басқа студенттерге өз іс-әрекетімен араласса, оқытушы оны аудиториядан шығаруға құқылы. Бұл жағдайда емтихан тәртібін бұзу туралы акт жасалады, диагональдар бойынша сызып тастау арқылы жауап парағы жойылады, қабылдау парағына «Бұзылғаны үшін алынып тасталды» деген белгі қойылады, ведомость қағазына «0» қойылады.
10. Оқытушы 48 сағат ішінде студенттің қорытынды емтиханда алған балын төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесімен емтихан нәтижесі парағына енгізеді.

**Ескерту:** Емтихан бекітілген кесте бойынша өткізіледі. Студенттер мен оқытушылар емтихан кестесі туралы алдын ала хабардар болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БОЙЫНША ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР:

1. Ландшафтану ғылымының мазмұны, мақсат-міндеттері.
2. Ландшафтанудың ғылымдар жүйесіндегі рөлі.
3. Ландшафтану ғылымының тарихи қалыптасу жағдайлары.
4. Ландшафтану ғылымының тарихи кезеңдері.
5. Геожүйелер және ландшафтану.
6. Ландшафт құрушы факторлар.
7. Қазақстанның ландшафттар картасы.
8. Ландшафт және жергілікті деңгейдегі геожүйелер
9. Геожүйелер иерархиясы.
10. Ландшафттар өзгеруіндегі табиғи техногендік әсерлер.
11. Табиғи апаттардың ландшафт өзгеруіне әсері.
12. Қазақстанның ландшафттық зерттелуі.
13. Физикалық-географиялық аудандау.
14. Топырақтану ғылымының мазмұны, мақсат-міндеттері.
15. Топырақ ұғымы және топырақ құрушы факторлар.
16. Қазақстанның ландшафттық картасы.
17. Топырақтану ғылымының даму тарихы.
18. Топырақ түрлері.
19. Топырақ түзілу процесі және топырақ түзуші факторлар.
20. Қазақстанның топырақ картасы.
21. Топырақтың түзілуі және топырақтың құрамы.
22. Топырақ мониторинг ұғымын талдау.
23. Жер мелиорациясы.
24. Жерді қалпына келтіру жұмыстары.
25. Ландшафттар мен адам арасындағы өзара байланысы.
26. Антропогендік ландшафттардың тұрақтылығы мен қауіп-қатерлерге осалдығын талдау.
27. Ландшафт пен топырақ жамылғысының экологиялық салдары.
28. Мәдени ландшафттар.
29. Табиғи қауіп-қатерлер мен техногендік қауіп-қатерлердің мәдени ландшафттарға әсері.
30. Топырақ эрозиясы мен дефляция.
31. Техногендік қауіп-қатерлердің (өнеркәсіптік апаттар, полигондар, тау-кен өндірісі, урбанизация) салдары.
32. Табиғат қорғау және табиғат қорларын тиімді пайдалану.
33. Тұрақты даму тұжырымдасы.

### Әдебиеттер тізімі:

#### Негізгі әдебиеттер:

1. Қабышева Ж. К. Топырақтану. -Алматы, 2013.-416 бет.
2. Чурсин А.И., Крюкова Н.А. Ландшафтану:— Пенза, 2014 ж. — 200 бет.
3. Мұқанова Г.А. Топырақтану. – Алматы, 2020.-280 бет.
4. Мұсабеков Қ.Қ.Топырақтану және геоботаника негіздері. -Алматы,2017.- 229 бет.
- 5.Жамалбеков Е.У., Білдебаева Р.М. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы. -Алматы, Қазақ университеті. 2004.- 240 б.
- 6.Қабышева Ж. К. Топырақтану. -Алматы, 2013.-416 б.

#### Қосымша әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Ұлттық Атласы. I том. 2010. -150 б.
2. Тазабеков Т., Тазабекова Е. Орысша-қазақша топырақтану түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2019

3. Кауричев И.С. и др. Почвоведение. М.Агропромиздат, 1989, 720 стр.
4. Бигалиев А.Б., Жамалбеков Е.У., Білдебаева Р.М. Қазақстан топырағы және оның экологиясы. А.Санат, 1995, 132 б.
5. Жамалбеков Е.У., Білдебаева Р.М. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы. Алматы, 2004, 242 б.
6. Тазабеков Т.Т. т.б. Топырақтар географиясы, Алматы, «Агроуниверситеттің баспасы, 2000,

***Интернет-ресурстар:***

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <https://soil-db.ru/>
3. <http://infoil.ru/>
4. <https://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps?type=pch>
5. file:///C:/Users/Admin/Downloads

| №                  | Критерий/ балл                                                                                                        | Дескрипторлар                                                                                                                            |                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                             |
|--------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                    |                                                                                                                       | Өте жақсы<br>36-40 балл                                                                                                                  | Жақсы<br>35-28 балл                                                                                                                                                         | Қанағаттанарлық<br>27-20 балл                                                                                                                                                           | Қанағаттанарлықсыз<br>19-10 балл                                                                                                                                                            |
| 3 сұрақ<br>34 балл | Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық ғылыми тіл нормаларын сақтау | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім кәсіптіктерге жол берілсе, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді. | Негізделген ережелердің туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ | өрескел Тапсырма кәсіптіктермен орындалды, қойылған сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең жоғары -100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ БАКАЛАВРИАТ АУЫЗША ОНЛАЙН ЕМТИХАН

| №                  | Критерий/балл                                                               | Дескрипторлар                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Қанағаттанарлықсыз                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                              |  |
|--------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                    |                                                                             | Өте жақсы<br>27-30 балл                                                                                                                                                                                                      | Жақсы<br>21-26 балл                                                                                                                                                                                                | Қанағаттанарлық<br>15-20 балл                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 8-14 балл                                                                                                                                                                                   | 0-7 балл                                                                                                                                     |  |
| 1 сұрақ<br>33 балл | Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну                         | «Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады. | «Жақсы» деген баға сұрақтың толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуда мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік | «Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуда жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді. | Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер дұрыс емес қорытындыны болжау.                                                                              | Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.                                                             |  |
| 2 сұрақ<br>33 балл | Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;                                                                                        | Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша                                                                        | Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.                                                                                                                                                | Тапсырманы шешудің ұтымсыз Әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормалан астың қателіктер мен кемшіліктердің | Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |  |